

**«Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» ШЖҚ МКК-ның (ОПАБ)
балалар бөлімшесінің жиналыс ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№12

26 қараша 2025 жыл

Қатысушылар:

Жиналыс төрағасы – ОПАБ басшысы М.Р.Копабаев

Жиналыс хатшысы – кадр инспекторы А.А.Жанталиева;

ОПАБ дәрігер патолого-анатомдар мен санитарлар – 18 қызметкер.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19.10.2016 жылғы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын» түсіндіру;
2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 31.12.2024 жылғы №285 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды» түсіндіру.

Жиналысты төрағасы М.Р.Копабаев ашып, жиналысқа қатысушыларды ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19.10.2016 жылғы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын» (бұдан әрі *Үлгілік қағида*) түсіндіру үшін сөзді заңгер әрі комплаенс офицері қызметін қоса атқарушы М.Н.Зұлпыхарға тапсырды.

М.Н.Зұлпыхар Үлгілік қағидаға сәйкес әрбір квазимемлекеттік сектор субъектінде, оның ішінде ОПАБ-да міндетті түрде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізілуі керектігін атап өтті. Осындай ішкі талдау жұмыстарының мақсаты ұйымда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтап, нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

Ішкі талдау екі бағытта: талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыттары бойынша жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіліп, нәтижесі бойынша талдамалық анықтама түзілетіндігі және онда анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат, оларды жою жөніндегі ұсынымдар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі көрсетілетіндігін түсіндірді.

Ағымдағы жылы ОПАБ-да басшының 26.06.2025 жылғы №72н/қ бұйрығына сәйкес арнайы жұмыс тобы құрылып, сыбайлас жемқорлық

тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілгендігін, нәтижесінде ОПАБ-ның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталғандығын және бұл тәуекелдер бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне хаттар жіберілетіндігін жеткізді.

Кейін М.Н.Зұлпыхар күн тәртібіндегі екінші мәселе ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 31.12.2024 жылғы №285 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Көрсетілген әдістемелік ұсынымдар 8 тарау мен 2 қосымшадан тұратын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қалыптастыру мен оның мазмұнының тәртібін түсіндіруге бағытталған құқықтық акті болып табылды.

ОПАБ квазимемлекеттік сектордың субъекті ретінде осы әдістемелік ұсынымға сәйкес жұмыстар жүргізіп, онда баяндалған 8 бағыт бойынша қажетті жұмыстарды орындау керектігін айтып, әрбір бағытқа жеке-жеке тоқталып өтті.

Жиналыс соңында қатысушылардың сұрақтарына жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы:

М.Р.Копабоев

Жиналыс хатшысы:

А.А.Жанталиева

